

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 179 "2018-2019 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 5 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 қаңтарда № 4896 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 179 "2018-2019 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4653 тіркелген, 2018 жылғы 3 шілдеде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының "2018-2019 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы облыстық бюджет есебінен" деген қосымшасында:

"Оңтүстік Қазақстан" - деген сөздері "Түркістан" - деген сөзбен ауыстырылсын;

62- қатары мынадай редакцияда жазылсын:

62	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	Түркістан облысының білім басқармасы	23	күндізгі	50248,7			
----	---------	---------------------------------------	--------------------------------------	----	----------	---------	--	--	--

74- қатары мынадай редакцияда жазылсын:

		Есептеу техникасы							
--	--	-------------------	--	--	--	--	--	--	--

74	1304000	ы және бағдарла малық қамтамас ыз ету (түрлері бойынша)	Түркіста н облысын ың білім басқарма сы	19	күндізгі	45601,5			
----	---------	---	---	----	----------	---------	--	--	--

96- қатары алынып тасталсын;

"Барлығы" деген қатардағы:

"11525" деген сандар "11475" деген сандармен ауыстырылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

11) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Түркістан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Отарбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Т. Нукенов

Т.Қ. Сәрсембаев

Ә.Е. Тұрғымбеков

Е.Қ. Тасжүреков

М.Н. Отарбаев

А.С. Сәбитов

Е.Ә. Садыр

А.Б. Тасыбаев

Ж. Түймебаев